

Қарақалпақ филологиясы факультетінің  
Қазақ филологиясы тәлім – бағдарының  
4 – курс студенті

**ХУДАЙБЕРГЕНОВА БАҒИЛАНЫҢ**

**«XX ғасыр әдебиеті»  
ПӘНІНЕН**

**РЕФЕРАТ**

**Тақырыбы: «Күләш Ахметова өмірі мен  
шығармашылығы»**

**Қабылдаған: Смамутова Шырын**

Нөкіс - 2014

## ЖОСПАРЫ

### **I Кіріспе**

*Күләш Ахметова жайлы қысқаша мәлімет*

### **II Негізгі бөлім**

- a) *К. Ахметова өлеңдерінің ерекшелігі ;*
- ә) *К. Ахметова өлеңдерінің өзіндік сипаты*

### **III Қорытынды**

### **IV Пайдаланған әдебиеттер**



## *Кіріспе*

Ақын Күләш Ахметова ұлттық поэзия патшалығына өзіндік өрнек, өзгешеліктерімен келген, адамдық, ізгілік иірімдерін нәзік лиризммен, терең тебіреністі толғамдармен еркін жырлаған - Күләш Ахметова уақыт талаптарын жіті зерделеді. Қайсібір тақырыпты да тереңнен толғап, ақыл-парасат нұрын, көңіл күнделігін, жан-жүрек сәулесін молынан түсірді. Атамекен мұратын, ел-жер тағдырын, адам әлемін алуан ізденіс, түрлі салыстырулар арқылы шебер де шешен жеткізді. Күләш Ахметованың ақындық өнері-талант қуатымен, көркемдік нәрімен, сыр-сезімге толы шындық сипаттарымен даралана түседі. Ақынның махаббат тақырыбындағы өлеңдерінің өзекті мәселесіне үңіліп, өзіндік өрнектерін тану талмай зерттеуді талап етеді. «Күләш» деген бүкіл халқымызға ардақты есім, бізге «Күләш» десе, алдымен ән келеді. Құлағымызға сыңғырлап күллі қазақ даласын жаңғыртқан оның бұлбұл үні жандүниенді тербеп, дененді бір суытып, бір ысытып таңғажайып сиқыр күйге бөленгендей боласыз. Күләш жайлы М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповтен бастап, қаншама ақын – жазушылар тебірене жазды. Тербетіле сөз етті. Әнші Күләш жайлы ақын Күләш Ахметова да толғанған, ол:

Келтірген түрлі сазын, түрлі нәтін,  
Қалдырды ұрпағына мол мұрасын.  
Әлі мен ойланамын өз ортасы,  
Өлпештей алды ма деп бір Күләшін, - десе біз іштей қуанамыз.

Дархан да талантты халқымыз «Күләштардың» қатарын сиретпепті, ел ішінде әншісі де, бишісі де ақыны да мол, олардың әлі -ақ қайнап, бұрқап шығары сөзсіз. Осы орайда Күләш Ахметова жайлы сыр қозғасақ, ол 1946 жылы 25 сәуірде бұрынғыша Жамбыл облысы, Талас ауданында дүниеге келіп, Үшарал орта мектебін бітірген. Үш жыл медициналық училищеде оқып, оны 1966 жылы тәмамдаған. Он бір жылдан астам уақыт Үшарал медпунктінде меңгеруші қызметін атқарып, кейіннен Талас аудандық «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер болып істепті. Артынша, 1968 жылы КАЗ ГУ -ге түсіп, оны 1973 жылы бітірген. Жоғарыдағы оқу орнын тәмамдаған жылы «Қазақстан пионері» газетінің әдеби қызметкері, артынан білім меңгерушісі болады. Күләш Ахметова 1977-1980 жылдар аралығында «Жалын» баспасында қызмет атқарады.

Ақынның 1975 жылы «Ақ гүлім» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Осы кітабы Күләшқа үлкен абырой әкелді. Өйткені, бұл айшықты ойға, әдемі суретке толы жырлар еді. Ақынның екінші жинағы «Сен менің бақытымсың» деп аталады. Осы кітапқа қазақ поэзиясының көшбасшысы

Әбділдә Тәжібаев «Күләш Ахметова ақын» деп аталатын көлемді мақаланы сол кездегі «Лениншіл жас» газетінде тебірене жазды. Ақын Әбділдә Тәжібаев осы еңбегінде Күләшті нәзік лирик әрі үлкен ой қорыта білетін терең толғамды, әрі табиғаттың суретін шебер сала білетін суреткер ретінде бағалады. Ақынның осы аталған кітабына «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы» берілді. Күләш Ахметова он шақты жыр кітапшаларының авторы, солардың ең бастылары: «Жапырақ жаздың жүрегі», «Махаббат жылы», «Мейірім», «Бұлақтағы жұлдыздар», «Жасыл жағалау», «Ләйлектер қайтып келгенде» т.б. Ақынның Әбіш Кекілбаевтың алғы сөзімен «Күн шыққанда күліп оян» атты таңдамалы өлеңдер мен поэмалары «Ана тілі» баспасынан 1986 жылы жарық көрген. Ақынның өлеңдері орыс украин, беларусь, өзбек, тәжік, башқұрт тағы басқа тілдерге аударылған. «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен марапатталған.

Таластың құтты өңірінде көктеп бүр жарған жас қайыңдай талдырмаш қыз мектеп қабырғасында -ақ өлең жаза бастағанын ақынның «Түркістан» газетінің тілшілері жүргізген арнайы сұраунамадағы: «Ең алғаш өлең жазуыма себепкер болған кісі 4-сыныптағы мұғалімім Мәдина апай еді. Бір өлеңнің құрылысын талдап тұрып, «Балалар іштерінде кім өлең жаза алады?» - деп сұрағанда мен ғана қолымды көтеріппін.

«Анама» деген өлеңіммен, Үшаралды сағынғанда жұптаған шумақтарымды қосып алып келдім. Екі өлең кешікпей жарық көрді» деген жауабынан аңғарамыз. Студенттік кезеңінде поэзияның қасиетті өлкесінде нәзік сырлы, ыстық сезімді, күмістей сыңғырлаған сұлу әуенді, дарынды өлеңдерімен елең еткізген ақын кеңінен таныла бастайды. Ақын бір сөзінде: «1968 жылдың көктемінде «Лениншіл жас» газетіне елден екі өлең жіберілді. Іле – шала жарық көрген сол өлеңдеріме Сәбит Мұқанов сол газетте жаңа пікір жазды. Бұл менің әдебиеттегі ең алғаш естіген мақтауым еді. Үлкен жазушының жомарт бағасы жолымды ашты» деп тебірене сөз еткен [1.7]. Көп ұзамай ақынның оқырманы молая берді. Сөйтіп халқының сүйікті ақынына айналды. Бүгінде оның туындыларының әлемдік поэзияның үлгілері деңгейіне көтерілгенін айта аламыз. Кезінде әдебиетіміздің айтулы азаматтары – Сәбит Мұқанов, Асқар Токмағанбетов, Әбділдә Тәжібаев, көрнекті ақын – жазушыларымыз Тәкен Әлімқұлов, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова баспасөз бетінде аталық батасын беріп, ағалық ақ тілектерін айтқан ақын бүгінде толысқан, кемеліне келген, аты республикамыздан сырт жерлерге де белгілі тұлғаға айналған. Шығармалары бірқатар шетел тілдеріне де аударылған. Күләш Ахметова – нағыз ақын. Шығыстың жарық жұлдызы Әл Фараби өзінің «Поэзия өнерінің конондары жайлы» трактатында ақындарды тума, еліктегіш және жасанды деп неге үшке бөледі. Үшке бөледі де ұлы ғұлама «ең ғажайып поэзияны табиғи ақындар ғана жасай алар» деп бір -ақ кесіп айтпай ма? Олай болса, Күләш Ахметова сол топтың табиғатына жатады. Нағыз ақын өзінің алғаш аяқ алысынан -ақ арыны мен адымын, кім екенін бірден айғақтап бере алады. Қолына алғаш қалам ұстағаннан -ақ Күләш – та ақын табиғатын тап басып түсінген.

«Ақ гүлім менің» деген алғашқы жинағындағы «Ақын» деген өлеңіне назар аударалықшы:

Апыр-ау қайда мейірім, қайда рақым,  
Болдым ғой төзімімнен айрылатын.  
Өлсең де өлмейтұғын өлең жазған  
Қандай сен бақыттысың, қайғылы ақын.  
Елінің жан дертін жүрегімен сезіне білген ақынның қайғылы болмасқа қақы жоқ!  
Сен үшін адал перзент, жырың бақыт,  
Ғасырға өзің болып жүр үн қатып...  
Жырыңның бір парағын жыртқаны үшін,  
Жылатты біреу ұлын шырылдатып...  
Ақын үшін бұдан асқан бақыт бар ма?

Ол - Қазақстан Жастар сиылығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы хатшыларының бірі. Күләш аудармасымен А.Ахматова, Б.Ахмадулина, Ә.Межелейтис, А.Межиров, П.Ислам секілді көрнекті ақындардың өлеңдері қазақшаланды. Бергенінен берері

көп ақын үздіксіз ізденіс үстінде, жемісті еңбектеніп келеді. Жаңа кітапты оқуға кірісердің алдында үнемі өзімізді алдында не күтіп тұрғаны беймәлім алыс сапарға шығуға дайындалған жолаушыдай сезінесің. Әлі де беті парақталмаған жаңа кітапты оқуға зейін қойғаныңда, не болар екен деген тынымсыз ой мазалайды. Жаңа кітап әсерлендіре алмаса, сапарға бекер шығып, түк таппай қажыған жолаушыдай өкініп, рухани әлеміңді байытатын шын жауһардарды тапсаң, сағынышыңды басатын сырласыңды кездестіргендей қуанып, рахаттанасың. Ол кітап кей кездері сені қанаттандырып, ерекше шабыт беріп, бірнеше күн бойы жаңа жыр жинақтарын қолыңа алғанда, есіңе ақынның алдыңғы туындылары түсіп, сол кездегі толқыған сәттерің мен алған әсерлерің санаңа қайта келіп тіреледі. Алпыстың асқарына шығып отырған қазақтың біртуар ақын қызы «Бақ», «Құт» кітабында өзінің толыққандығын, кемелденгендігін, ұлттық поэзиядағы өз орнын алғандығын тағы бір толық дәлелдегендей. Кітап түгелдей еліміздің егемендігіне, халқымыздың әдет – ғұрпына, республика жұртшылығының ынтымағына арналған. Қос туындының осылай аталуының өзінде де бір себеп бар секілді. Менің ойымша, ақын еліне, жұртына, қазақтың әрбір отбасына «бақ пен құт дарыса екен», деп қойған сияқты. Ұлы қазақтың кең байтақ сахарасын отты жырларымен тербеткен осындай біртуар ақын қызы бүгінде мерейлі белесіне айбынды абыроймен көтеріліп отыр. Классик Қадір Мырза Әлиевтің: «Күләш – Ахметова – көп ақынның бірі емес. Өз алдына бөлектеу тұрған сегіз қырлы, бір сырлы тұңғыық ақын» - деуі тегін емес. «Заман Қазақстан» газетінде жарияланған тікелей сұхбатта «Даңқ туралы ойыңыз?» деп қойылған сұраққа: « - Аңшы нені қуса соны алады. Қумаса қалай алады? Білімпаз білімнің соңына ыждахатпен түспесе, оны қалай игереді? Даңқ та сондай. Оған қатты ұмтылған ақын атағын шығарады. Маған даңқ онша қажет болған жоқ. Мен өз дәуірімнің мәуесімін. Өлең үшін үлесімнен, өмір үшін күресім көп болды», - деген жауабынан нағыз ақынға тән тектілікті тани аламыз. [2.15]. Өткен ғасырдан бастау алып, жаңа ғасырда да жалынды да жауһар жырларымен танылған қазақтың айтулы да айбынды ақын қызы Күләш Ахметова өлең өлкесінде өнімді де жемісті еңбек етіп, жыр сүйер жамиятты әдемі өлеңдерімен тәнті етіп келеді. « - Толайым дүнием асым деп айта алмаймын. Артық – кемі көп екенін білемін. Заман солай болды – қаламақысы көп екен деп, кітаптан кітапқа асықтық. Төрт шумақпен тоқтайтын жерде он шумаққа жеткіздік. Өзіме аяны – өзімше жазуға, шынайы жазуға, адал айтуға тырыстым. Кітаптарымды ақтарып отырсам екшелеп ашарлық, есте қаларлық, елге жарарлық жолдар баршылық сияқты» - деп ақын Күләш Ахметова айтқандай жан нұрына шарпылған жырларымен көпшіліктің көңілін баураған ақын поэзиясын оқып, ой түйіндемеу мүмкін емес [3.5]. Қашанда нағыз ақын, кесек талант хақындағы сөз сарқылмайды, қайта күн өткен сайын оның жұмбақ та құпия қырлары гауһар тастай жарқырай ашылып, жан – жағына өз сәулесін шаша түсері сөзсіз.

## *Негізгі бөлім*

### *Күләш Ахметова поэзиясының ерекшелігі*

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік көзқарасы мен қолтаңбасы бар, ізденіс пен ізгілікке жаны құштар, жүрегі жырға, көңілі нұрға толы талантты тұлғалардың бірі – Күләш Ахметова. К.Ахметованың ақындығы алыптар тобының асылы мен асқарының сөз өресіне айналады. Ақындық өнер мен көркемдік қабылдау мұраты өмір тәжірибесімен уақыт бедерінен де із береді. Мұны К.Ахметова поэзиясының бел – белестерінен жіті көруге болады. Айталық, К.Ахметованың алғашқы өлеңдерінде (Атамекен, «Ақпан айы», «Жол», «Қысқы бақта», «Оқырманмен әңгіме», «Көктем де келді», «Ыстық жаз», «Таңертең», «Түнде» тб.) ізденіс іздері адам мен оның еңбегіне құрмет, өмірге құштарлық, игілік пен ізгілік қасиеттері, жыл мезгілдері мен табиғат тамашалары кең орын алған. Ақынның аталған өлеңдері адам әлемінің иірім сырлары, өмірдің нұрлы да жарқын сипаттары, еңбек мұраты мен ізгілік, инабат табиғаты сол секілді әр алуан ізденіс, салыстыру мен суреттеулер арқылы беріледі. Бұның бәріне де адалдық пен әділеттілік салтанаты, өмірдің өршіл сипаты, жасампаздық сырлары, еңбек қуанышы кеңінен көрініс береді. Күләштің жырлаған тақырыбы, жанрлық ерекшеліктері, көркемдік стилі жағынан әр алуан. Ол қазақ даласындағы ұлттық идеяны, бүгінгі заман тақырыбын жырлайды. Табиғат толғаныстарын, сезім иірімдерін, адамгершілік пен ұлтжандылықты, жеке адам психологиясын, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін өлеңдерінің өзекті тақырыптары ете отырып, жаңа идеяны насихаттаушы ақын ретінде танылды. Күләш Ахметова лирикасының табиғатынан ұлттық болмыс бедері, қазақ тілінің өлең – жыр болып төгілген әрі мен нәрі, шұрайы мен шырайы қиял қанатымен қанаттанып, құштарлық, өнерге сүйіспеншілік сезімдері сырлы да нәрлі түрде өріс алады. Адам өмірін үлгі ету, еңбек мұраттарын бағалау, келешекке үміт арту айқын аңғарылады. Кеше – бүгін байланысы берік те тағылымды. Мәселен, «Мен туған үй» өлеңінде:

Түрлі достар үйімізде бар біздің,  
Тоғысатын шоғырындай жұлдыздың.  
Балалайка тартып анам, ал әкем  
Өнін салып отыратын қырғыздың,

- деп балалық дәуренін сағынышпен еске алу арқылы алтын тамыр – ауылға, кеше - бүгінге барлау – байлам жасайды [4-10]. Ақын үйді – отан бейнесінде алып, одан нәр – қуат алған адамдар әлемін, еңбек тынысын еркін де көркем, серпінді суреттейді. Ата - анаға құрмет, досқа беріктік санды сезім сырлардан да табиғилық, тазалық танылады. К.Ахметова поэзиясындағы сыр мен сезім шындығы, тұтастығы – тақырыптық – идеялық сипаттарынан, жанрлық – көркемдік ерекшеліктерінен, тілдік – стилдік қырларынан танылар еді. Бұл тұста, әрине, ақын өмір шындығын көркемдік шешімге айналдырар тұста, тақырып табиғатына айрықша мән береді. Ақын кез – келген тақырыпты толғаусыз толғап, қиыннан қиыстырып жаза бермегені ақын аңғарылады. Бұл ретте, әрине, өзі көрген, көңіл сеніп жүрекке берік ұялаған жайларды ғана тереңнен толғап, шынайы жырлайды. Өзін толғандырған тақырып табиғатына еркін еніп, оны әр қырынан танып, қалың көпке ізденіс – көркемділігімен, шеберлік пен шешендікке сай сомды бейне, ұтымды қырларымен жеткізу – Күләш Ахметова ақындығының басты белгілерінің бірі. Күләш Ахметова лирикасындағы ізденіс арналары – ауқымды да ағысты, тақырыптары – іргелі де мәнді, көзқарас пен қолтаңба мәнерінен ақиқатты ту етіп, шынайы шындыққа табан тіреу айқын байқалса, мазмұн құрылымынан - ұлт пен ұрпақ мұратына адалдық, ел мен жерге берілгендік, адамдық істі ардақтау, кісілік пен кішілікке ден қою, тарих пен танымға, дәстүр мен дінге, діл мен тілге ерекше мән беріп, көркем де кемел, шебер де шешен жырлайтыны айқын танылады.

Күләш Ахметованың ақындық өмірінде де өзіндік өзгешеліктер мол. Оның бастысы және қайсібір тақырып, мәселелер өмір шындығына негізделуінде жатыр. Өлең мұраты, ондағы өмір оқиғасы мен лирикалық қаһарман әлемі осы бағыт, ұстаным аясында кең өріс алады [4.11].

Күләш Ахметова өмірін өлеңге арнаған. Өмірге өнердің көзімен қарайды. Сыр мен сезімді қатар ұстайды. Әр кезде шындықтың шырағданы бола біледі. Бұның барлығында да ақындық мұрат айқын. Ұлттық болмыс пен уақыт өрнегі бедерлі. Қазақ әдебиетіндегі қазіргі адым, жер, әлем, орта, гуманизм жеке адам тағдыры мәселелері көтерілуде. Кәдімгі қарапайым адам тіршілігі, психологиясы мен көңіл – күйі өрелі түрде, жоғары әлеуметтік деңгейде қозғалуда К.Ахметованың лирикалық туындыларында өмір шындығы және қаһарман әлеміне кең орын беріледі.

К. Ахметованың «Бұлақтағы жұлдыздар» (1982) атты өлеңдер мен поэмасы енген жыр жинағы – ізденіс іздері мол, тақырыбы мен мазмұны бай, көркемдік – рухани әсері жоғары, қолтаңба мен көзқарасы таным – түсінігі айқын, суреттеу амал – тәсілдері, шеберлігі мен шешендігі өзара үйлесім – тұтастық тапқан тағылымды туынды. Жыр жинағы - бес бөлімнен тұрады. Алғашқы төрт бөлім – адалдық пен адамгершілік құндылықтарынан, игілік пен ізгіліктен, еңбек мерейі мен табиғат тамашаларынан тұрса, соңғы бөлімге «Болашақ үшін» деген Б.Момышұлына арналған поэма енген. Бұдан басқа, атап айтқанда «Қар жауып тұр қалада», «Күн бұлыңғыр», «Ыстық жаз», «Қызыл алма», «Өмір деген бояу», «Аппақ гүлдер» сынды өлеңдері жаратылыстың ғажайыптарын, жыл мезгілдерінің құбылысын адам әлемімен, оның еңбек әрекетімен, уақыт тынысымен өзара сәйкестікте суреттейді. Адам мен табиғаттың ара – қатынасын, аспан асты, жер үсті көріністерін, күн мен түн байланысын, жұлдыздар сырын көңіл толқыны, жан сезім тербелістері негізінде нанымды жеткізетін «Бұлақтағы жұлдыздар» өлеңінен үзінді келтірсек.

Тыныштықта тұнжырап тұрды ізгі аймақ,  
Сұлу сурет мойныңды бұрғызбай -ақ.  
Көздің жауын алады жарқ – жұрқ етіп,  
Жұмбақ толқын ішінде жұлдыз қайнап

Өлеңде өмір өрнектерімен бірге табиғат арқылы да адам әлемін аялау мен бағалаудың мол мүмкіндіктері бар. Ақын табиғат тылсымына үңілу негізінде адамзатқа ортақ мәселелерге назар аударады. Адам мен табиғатты қатар сөз етеді. Ортақ тұстарына ден қояды. Сол арқылы табиғатқа адам қолымен жасалып жатқан қиянат кедергілерге қарсылық білдіріледі. Экология мәселесін өткір көтереді. К.Ахметова поэзиясында ақынның өмірге деген құштарлығы, өнерге деген шынайы ілтипаты айқын аңғарылады. Екіншіден, ақын өлеңдері ойлы да өрнекті, сенімді де серпінді өріс алады. Үшіншіден, ақындық өнер табиғатынан өлең өрісінің кең көкжиегі, ондағы шындық пен суреткерлік, шеберлік пен шешендік жүйесі жеткізіледі. Төртіншіден, ақын қолтаңбасына шындық өмірдің өрнектері, еңбек ырғақтары, адам әлемінің сырлы иірімдері оңды сипаттарымен, ұнамды қырларымен көрініс береді. Бесіншіден, ақынның өлең өрімдері, ондағы өмірден өрбіген шындық сырлары көңілді бертеп, жүрекке қорытылған қалпында суреттейді. Ақын қайсібір құбылыс, көріністерді сырттай қызықтап, үстірт суреттемейді, керісінше көңіл көрігінде шыңдап, жүрек пернесінен өткізіп, содан кейінгі тұстарда ой мен сөз жүйесіне, сыр мен сезім тұтастығына тербеп, талғам – толғаныстарына еніп барып қана қалың көпшілікке ұсынады. Өмір шындығы негізгі нысаны етіліп, осы бағыт – арна мезгіл әуенінен, адам әлемінен, көркемдік таным иірімдерінен кең көлемде танылады. Ақын сыры, ондағы көңіл шуағы мен жүрек сыры осында. Ақын шығармаларында байқалған сыршылдық, терең лиризм, романтикалық әуен мен философиялық кеңдік оның лирикасының басты мұратын айқындайды. Парасатты поэзия биігінен көрініп, жемісті еңбегімен әдебиетке өзіндік үлесін қосып жүрген К.Ахметова лирикасы айқын қолтаңбасымен, дүниетаным тереңдігімен ерекшеленеді [4.15].

К. Ахметованың өлеңдері тақырыптық жағынан алып қарағанда кілең лирикаға құрылған деуге болады. Оған мөлдірлік, тазалық тән. Ондағы табиғат, көңіл – күй, махаббат лирикалары оқырманның жан дүниесін тербеп, терең сезіммен баурап әкететін табиғилық басым. Ақынның

табиғат лирикасы – кең даланың көрінісі. Ақын табиғаттың төрт мезгілін адам жанымен байланыстырып, оның өзі табиғаттың төл перзенті екендігін әр өлеңінде еске салатындай. Жүрегімізге терең үңіліп, ойымызға салмақ салсақ поэзия мен табиғат бір – бірімен ажырамас дүние, тамырлары тереңде, бір арнада тоғысқан тұтас жүйе екеніне ешбір шүбә келтіре алмаймыз. Табиғат – тұнып тұрған тыныштық ұясы ғана емес, тылсым, жұмбақ дүние. Тылсым дүниенің сырын ашу әрбір жеке адамның қолынан келмейді, ол үшін әрбір адамның бойынан ақынға тән жүрек пен әсемдікті бейнелейтін асыл көз, сергектік пен серпінділік сипаттар көп болуы шарт. Ақын мұраты, өлеңсіз өріс өресі де осында. Ақынның «Күн шыққанда күліп оян» деген өлеңі табиғат лирикасына арналған шығармаларының шоқтығы десе де болады. Ақын жаны да, тебіреністі тұстары да бейнелі, бедерлі беріледі. Лирикалық арнау – әлемдік поэзияда көп таралған. Ақын басқаға қаратып жыр арнау арқылы өзі туралы емес, өзінің сезім – күйі арқылы өзге туралы ой қозғайды. Ортақ мәселеге үн қосады. К. Ахметованың ақындығынан оның бел – белестері, көркемдік көкжиегі, өзіндік көзқарасы, қолтанбасы жіті танылады.

Өлең өлкесінде өз тұтастары секілді өнімді еңбек етіп, ұлттық мұрат пен өмір өнегесін шынайы да шебер жырлағандардың алдыңғы қатыранан - К. Ахметованың есімі құрметпен аталады.

К. Ахметова поэзиясының көркемдік жүйесінен тақырып әр алуандығы, ізденіс мұраттары, өлең өрісі мен ондағы өрнек – өнегелері, бунақ, шумақ, тармақ табиғаты кеңінен көрініс береді. Ең негізгісі, Күләш Ахметованың ақындығы адами болмысты бедерлеуден, игілік пен ізгілікке құштарлықтан, өмір – уақыт тынысын сезінуден тұрады. Демек, ақын поэзиясы көркемдік таным арналарында қоғам, кезең көріністері бар сыр – сипаттарымен даралана түседі. К. Ахметова лирикасындағы тілдік, стильдік, бейнелік құбылыстар да ерекше назар аударады. Әдебиеттану ғылымында стиль мәселесіне ерекше маңыз беріледі. «Стиль – форма мен мазмұн көркемділігінің жалпы сипаты. Стильді жеке суреткердің өзіне тән ерекшелігі туады. Әрі бір ғана шығарманың бойына тән ерекше стильдік сипаттарымен астаса, жарыса қиысып, оның тұтас творчествосына тән стильдік ерекшелігін жасауы мүмкін» [5.79]. Сол секілді, суреткердің өзіндік ерекшелігі оқшау, дара қалыптасатын құбылыс емес. Жеке стильдің жасалуы үстінде өткен, бұрыннан бар стильді қолданудан аулақтай алмайсыз, өйткені олар бірлесіп, өзара ұқсас көркемдік мәселені шешуге қатысады. Мұның ақындық өнермен де үндесетін тұстары бар.

К. Ахметова ақындығынан ұлттық мінез – қасиет, адамға тән сыр – сезімдер, уақыт өрнектері, туған тілдің мол мүмкіндіктері терең көрініс береді. Бөлекше айтар жәйт: ақын лирикасы өмір шындығы мен уақыты өрнектерінен тұрады. Онда адам мұраты, еңбектің бейнеті мен зейнеті, жастық – достық сырлары, сыр -сезім иірімдері – ұлттық болмыспен бедерленген, ана тілінің қуатынан нәр алған. Мұның ақын лирикасына, ондағы тілдік – стильдік құбылыстарға қатысы мол. Ақын поэзиясының көкжиегі кең. Көркемдік көкжиегі, тілдік мүмкіндіктері мол. Таныс тақырыпты әр қырынан байытып, түрліше суреттейді. Алуан салыстыруларға барады. Олар табиғи, шындық сипатында өріс алады. К. Ахметова поэзиясында кездесетін тұрақты тіркестер жайлы сөз еткенде, аса бір ерекше тұс – бұл тұрақты тіркестер жайлы сөз еткенде, аса бір ерекше тұс – бұл тұрақты тіркестерде лирикалық стиль бояуы анық байқалып тұруы. Оны төмендегі мысалдардан байқаймыз:

Сен үшін бабалардан бата аламын,  
Із қалдырам сен үшін жылдарға бұл  
Сыбағасы өзіңе бұйырмаған. [6. 10].  
Алдау – арбау арбасын быт – шыт қылып,  
Ақиқаттың алдында бас ұрайын [6. 78].

Бұл жолдардан, әрине, ақынның жан жүрек дүрсілін танумен бірге өлеңдегі өрісті өлкені де, ізденіс пен ойлылық сипаттарды да, лирикалық кейіпкердің көңіл – күй көзқарасы да байқалады. Ақын тақырып табиғатына еркін енеді. Басты мәселеге назар аударып, екпін түсіреді. Әр алуан ізденістер арқылы көркемдік мұраттарға, өмір өнегесіне мән береді. Ой – сөз жүйесіне кең өріс ашады. К. Ахметова эпитет жасауда дәстүрлі көк тоғай, көк тау, көк орманмен

қатар, көк белдер, көк көйлекті қыз, көк гүл, көк бұлт секілді эпитеттерді бір шумаққа сыйғыза алады:

Көктем келіп көк гүлдерін санасак,  
Көтеріле көк таулармен таласа ән [7.81].

К. Ахметова лирикасында нақты дүниетанымды байқататын метафоралар жүйесі мол. Мәселен « мезгіл – өзен», «өмір – күрес», «өкініш -ң», «төзім – сенің егізің» секілді ауыстырулар ақынның өмірге көзқарасын байқатады. Ақын сол секілді айшықтау мәндегі «жақсы әтір – жалбызың мен қалампырың», «тентектеу теңіз өмір толқындары», «күн күлшелер», «көңіл кептері», «күн иісті» секілді тыңнан оралым тауып, жарыстыра қолдана білген. Бұл тұстардан да ақын ізденісі, көзқарасы көрінеді. Өзіндік қолтаңбасы, тақырыпты еркін де терең меңгеруі жіті танылады. К. Ахметовада көркемдегіш сөз бедерлерінің ішінде теңеу сөздер айрықша мол. Оларды шартты түрде бірнеше тақырып аясына бөліп қарауға болады. Онда табиғат құбылыстарын теңеу ретінде қолдану мүмкіндіктері де мол. Мысалы:

- а) Жастық қызығы жаздағы бұлттай тез көшкен;
- ә) Ағын судай асыққан бұл өмірде;
- б) Күзгі күндегі дүние құбылмалы;

К. Ахметова лирикасы, ондағы жанрлық көркемдік ерекшеліктер, тың тақырып, тосын сурет – көріністер, ұлттық тіл мен өзгеше бояу өрнектер, адам әлемі мен еңбегіне қатысты көзқарастар, жастық – достық тұрады. Өмір өнегесі мен өрнектерін, ұлттық болмыс пен уақыт бедерін, замандас тұтастар тағылымын, табиғат пен махаббат мәселесін талант қуаты, шабыт шалқары биігінде жырлады, тіл мүмкіндіктерін бар қырынан жарқырата көрсетеді, ең негізгісі қазақ өлеңін өзіндік өзгешеліктеріне сай сыр – сипаттарымен жеткізуді – ақындық мұратқа адалдық, талант табиғатына тән құбылыстардың бірі. Дара дарын дидары, білім болмысы бөлек шынайы ақын әлемінің орны қашанда биікке – даңқ тұғырында болу керек. К. Ахметова лирикасы, ондағы көркемдік – эстетикалық сипаттар, дүниетаным иірімдері мен шынайы шындықтар хақында осыны айтар едік. Көркем әдебиеттегі суреткерге тән сезімталдық, жіті бақылағыштық, парасаттылық, шеберлік, шабыттылық, көрегендік сынды қасиеттерді өн бойына жинаған ақын поэзиясынан алар ғибрат мол. Әрине әр ақынның өз стилі, өз бағыты, өзінің жазатын тақырыбы болады, Бірақ Махаббат тақырыбына соқпай кететін ақын өте сирек, себебі өлең сезімнен туады:

Өзім ұнататын Махаббат туралы шығармаларды айта кетесм:

Махаббат менен кеткен, бөлекте жүр  
Мен де бір, жасын түскен терек те бір,

М.Мақатаев, ол өзінің шығармаларында сөздерді қиыннан қиыстырып, айтар ойын жер-жебіріне жеткізіп солай жазады,(жасын, яғни найзағай түскен теректі көрдіңіз бе, көрмесеңіз түсіне алмайсыз) мысалалы тап осы сөздерді Тұманбай:

Шамын басқа үйдің жақтың аяулым  
Сендей бақытты, қайдан табамын, -деп қарапайым сөздер мен жеткізеді.

Махаббат! Неткен алып, қайратты едің,  
Мен сені мұншалық деп ойлап па едім.  
Тұсаулап, табандатып тағдырымды,  
Қолына қара көздің байлап бердің - Т.Айбергенов, көріп отырғандай мұның стилі мүлдем басқа

Негізінен қазақ ақындарының ішінде Махаббат тақырыбын ең көп қозғаған ақын М.Шаханов болып есептеледі. бір ғана "Танакөз" поэмасын оқып қараңыз, сонда түсінерсіз (Бір қызға бала күннен ғашық болған екі дос жігіт жайында)  
немесе мына өлең қалай Авторы: Күләш Ахметова

“Сіз осы шыныменен білмейсіз бе,  
Кезігіп қала берем бірдей сізге?  
Сіз жүретін жерлерде, әлде мені,  
Адасып, не ерігіп жүр дейсіз бе?

Қағылуы махаббат қанатының,  
Жаныңызға жабырқап баратыным.  
Байқалмай ма сізге осы,  
Қып-қызыл боп, қипақтап қалатыным.

Сізді ойламай көзімді әлі ілдіріп  
Көргенім жоқ, керек пе жалындыру?  
Өртенемін жаныма жалын кіріп,  
Әдейі үнсіз жүрсіз бе, бәрін біліп?..

Қара көзден қашсаңыз, несіне ерсіз,  
Бір әдемі бақытқа кешігерсіз.  
Қарап қалсам, өтесіз көрмегенсіп,  
Оңбағансыз, не деген, кешігерсіз...”

## *Қорытынды*

Қорыта келсек, Ақын лирикасының негізі – адам жанының нәзік сезімі, ақ сөйлейтін пәктігі мен адалдығы, жақсы адамдарға тән жайдары мінезі болып табылады. Күләш Ахметованың махаббат тақырыбындағы жырлары – жыр сүйер қауымның көз қуанышына, рухани кәдесіне айналды. Күләш – қазақ әдебиетіндегі қайталанбайтын өзіндік жыр өрнегі бар сезімтал ақын. Күләш Ахметованы өзге ақындардан ерекшелеп, даралап көрсететін – оның өлеңдеріндегі шынайы, таңғы шықтай мөлдір жырындағы лиризмнің үстемдігі және ғашықтықты ғиззат тұтудың, сұлулыққа сүйіспеншіліктің, асыл сүйіністің жарасымды жырын кестелейді. Күләштің өлеңдерін тақырыптық жағынан алып қарағанда кілең лирикаға құрылған деуге болады. Мұндағы табиғат, көңіл – күй, махаббат лирикалары оқыған жанның жан дүниесін тербеп, терең сезіммен баурап әкетеді. Күләш Ахметованың өнер мен шығармашылық жолы дүниетанудан, адам сезімінің сан алуан үйлесімділігін көрсетуден тұратындығын байқаймыз. Ақын жырларының өн бойынан мейірім, шапағат, жақсылық, адамгершілік, азаматтық сағыныш, күрескерлік, ұлтжандылық, мұң, ата – баба рухына адалдық, ата мекенге деген, аяулы жарға деген сүйіспеншілік, махаббатқа мәңгілік сияқты ұғымдардың асқақтығын неғұрлым биіктету әр уақытта алғы саптан көрінеді. Халықтың ұлттық санасын көтеріп, жас ұрпақтың рухани дәрежесін арттыруда Күләш жырларының алар орны шексіз. Күләш Ахметованың ақындық өнері өмірдің өзіндей өрісті де өрнекті, адам сезімдерін жырлауда шебер де шешен, шыншыл сипаттарымен ден қойғызады. Өлеңдегі өмір өрнектерін алуан салыстырулар арқылы сенімді суреттеледі. Күләш Ахметованың ақындық өнері:

өмірден өрбіген шындықтарды көңіл көрігінде қорытып, жүректен қозғап, шынайы жеткізеді;  
атамекеннен басталған өмірге құштарлық, адамды аялау мен бағалаудан тұратын ізгілік іздері  
сенімді де серпінді өріс алады;

бала шақтан болашаққа бет түзеген арман – мұраттары, жастық пен достық сырлары, махаббат  
ғаламаттары мөлдір де шыншыл сипаттарымен қойғызады;

адамдық іс, әділетті әрекет, халықтық тағылымдар, мораль мәселелері уақыт тынысына сәйкес  
беріледі;

жан – сезім сырлары, табиғат таңғажайыптары, жыл мезгілдері өзіндік өрнек, көріністерімен  
кемел де көркем суреттелінеді;

ең бастысы, ақын поэзиясы тақырып табиғатымен, жанрлық көркемдік ерекшеліктерімен, тіл  
бедері мен стильдік сипаттарымен дараланады.

Асылы, ақын әлемі – бөлек болмысты бітімімен, көзқарас қолтаңбасының өзгешеліктерімен, дара дарынымен, табиғи талантымен танылар болса, бұл белгі ерекшеліктер – Күләш Ахметова поэзиясынан, ондағы махаббат тақырыбындағы табиғат туындыларынан терең танылады. Күләш Ахметова лирикасының табиғаты мен тағылымы, көркемдік – рухани нәрі осында болып табылады. Сондықтан болар, үлкен әріптермен жазылатын ұлы мағыналы ақындықтың, яғни таласы жоқ көрнекті ақын Күләш Ахметованың шығармашылық табысы өзіне де өзгелерге де анық, олар асулары, көтерілер баспалдақтары бұдан да биік болады деп сенеміз. Күләш Ахметова жырлары өз оқырманын бей-жай қалдыра алмайды. Өзіндік нәзік сыршылдықпен өрілген ақын өлеңдерінің тамыры тереңде жатыр. Қазіргі таңда әдебиет сүйер қауым көркем сөздің, көркем ойдың құдіретіне бас иеді. Әдебиет – асыл да көркем ойдың жемісі. Күләш жырын оқыған әрбір жан, оның жырларынан да өмірінің титтей де болмасын сәулелі сәттерін көз алдынан өткізіп, бір серпіліп қалары ақиқат.

Күләш өлеңдері еліне, халқына қызмет етіп, адал ниетте әр адамның жүрегінде  
жұлдыздай жанып, жарық нұр шашыратып тұр. Өйткені ол жыр Күләші!

## *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Абдуалиева Ж.Б. «Күләш Ахметованың лирикасы» Автореферат. ҚР.Астана 2006 жыл. 10-бет.
2. Жұмалиев Қ. «Стиль - өнер ерекшелігі» Алматы. 1966 жыл 79-бет.
3. К.Ахметова «Күн шыққанда күліп оян» Алғы сөз: Жебеу жырлар. Алматы: Ана тілі, 1996 – 10 бет.
4. К.Ахметова. «Бұлақтағы жұлдыздар» Алматы: Жазушы. 1982 жыл.
5. К.Ахметова. «Арғымақтар даласы» Өлеңдер. Алматы. Жалын. 1987 жыл. 142-бет.
6. «Күн шыққанда күліп оян» Өлеңдер мен поэмалар. Алматы. «Ана тілі» 1996 жыл 35 бет.
7. Дәдебаев Ж. «Өлеңдегі сөз» Уақыт және қаламгер. - Алматы: Жазушы. 11 кітап. 1985. 151-бет.
8. Ахметова К. «Сен менің бақытымсың» - Алматы: Жалын. 1977. 80-бет.